

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР АРМАНЫНДАҒЫ ӨМІРДІҢ ҚҰНЫ ҚАНША?

Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

WWW.Qaa.kz

qaa.kz

Ақмешіт Ақшамы Газеті

АУЫЛДАН АДАМ КӨШПЕЙДІ

Ауылды көп айтамыз, көп жазамыз. “Ауылым” деп ән де саламыз, өлең де арнаймыз. Қайсыбір белгілі жазушының болмасын белгілі шығармасында ауыл бар. Қайсыбір белгілі ақынның болмасын ауыл деп арындаған жыры бар...

Ауылға арналған жайлы сөздер де көп, жиындар да жеткілікті. Жақында Қызылордада сондай жиынның бірі өтті.

Жиынды ұйымдастырушы “Amanat” партиясы аймақтағы барлық ауыл әкімдерін жиып, форум өткізді. Мақсат ауылдарды түлетін, жаңғыртатын әкімдерге жан бітіру болса керек.

Жиында осы жиынға арнайылап келген “Amanat” партиясының хатшысы Ержан Жылқыбаев, Парламент сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, Ұлттық экономика министрлігі Өңірлік даму департаментінің директоры Нұрлан Мақсұтовтар сөз сөйледі. Осыдан-ақ жиын ауқымын аңғара беріңіз...

Айтпақшы, күнкерісі қиын, инфрақұрылым, инженерлік жүйесін де жеткізе алмаймыз деп мал бағып отырған, отбасы саны аз кей ауылдарды өзіндегі жұртқа жұмыс тауып беруі қиынға соғып, тұрғындарға жағдай жасауда қиналып тұрған қалаға өз қолымызбен көшіріп, көпқабатты үйлерден пәтер беріп, жарылқадық...

Өзіміз айта беретіндей өте қиын болған Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары тоз-тозы шыға бастаған ауылдар сол ауылдағылардың өздерінің өлермендігімен әйтеуір тарап кетпей аман қалды.

“Ауыл жылы” дедік, “тірек елді мекендер” дедік, мүмкіндігінесе ауылдарды сақтап қалудың жағдайын жасап, ауылдарды қысқартпадық.

Ресми дерек бойынша биылғы жылдың 1 қазанына Қызылорданың халқының 53% ауылда тұрады екен. Салыстырмалы түрде қарасақ, еліміз бойынша Қарағанды облысында ауылдықтардың қарасы аз

46 жобаға қаржылай қолдау көрсетілді. Оның ішінде 1 млрд. 78 миллион теңгенің 30 жобасы несие болса, 23,6 млн. теңгенің 16 жобасы - қайтарымсыз грант қаражаты.

Мемлекеттік әріптестік аясында “Абай-Даулет” серіктестігінің демеушілігімен ауылдық округте бірқатар жұмыстар жүргізілуде.

2024 жылы Бесарық ауылдық округінде “Абай-Даулет” серіктестігінің демеушілігімен 697 млн. теңге инвестиция тартылды. Атап айтар болсақ, серіктестік шағын өндірістік аймақ құрылысын 520 млн. теңгеге жүргізді.

“Абай-Даулет” серіктестігі тарапынан 70 млн. теңгеге ауылдық Мәдениет үйі күрделі жөндеуден өткізілді.

Үлкен залға жаңа орындықтар орнатылып, мәдени нысанның іші және сырты заманауи талаптарға сай жаңарды. Серіктестік көлемі 3800 шаршы метр болатын орталық алаңды брусчаткалау,



келдерін жою бағытында кешенді шараларды қабылданыздар; - әкімдер мемлекеттік қызметкердің әдеп нормаларын сақтап, орынсыз сынға қалмау керек; - **барлық мемлекеттік мекемелермен бірлесі «AMANAT» партиясының** 2023-2027 жылдарға арналған сайлау алды бағдарламасының орындалуын қамтамасыз етуіміз қажет; - **қоғамдық-саяси ахуалдың** тұрақтылығын, елдің **бірлігін** сақтап, атқаратын қызмет аумағында елмен бірге **тұруын қатан тапсырамын.**

Ауыл әкімдерінің форумында сөйлеген сөзінен

Форумда баяндама жасаған облыс әкімі Н.Нәлібаев Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Президент лауазымына кіріскеннен кейінгі ең алғашқы Жарлығы “Ауылдық аймақтарды дамытуды 2023-2027 жылдарға арналған Тұжырымдамасы” екенін айта келіп, “бүгінде Президенттің, Үкіметтің ерекше қолдауы арқасында” облыс ауылдарында іскі асып жатқан жобаларды баяндады. (4-5 беттерде)

Елімізде 17 облыс бар болатын болса, сол облыстарда мекендеген халық саны жөнінен Қызылорданың халқы алты облыстан (Жамбылда 1 млн. 223, Оңтүстік Қазақстанда 2 млн. 837, Алматыда 1551,4 мың, Қарағандыда 1134,3 мың, Түркістанда 2 млн. 153 мың, Ақтөбеде 347 мың халық) аз, ал қалған облыстар бойынша қызылордалықтар саны көп екен. Мәселен, Солтүстік Қазақстанда 527,5 мың, Шығыс Қазақстанда 724,8 мың, Атырауда 709 мың, Маңғыстауда 709 мың, Батыс Қазақстанда 695 000, Жетісуда 696 мың, Ұлытауда 709 мың, Қостанайда да 709 мың, Ақмолада 788 мың, Абайда 605,1 мың, Павлодарда 752 мың адам мекендейді.

Бір кездері ауылдардан адамдардың үдері көшкені рас. Жайсыз тұрмыстан, жұмыс жоқтықтан Сыр бойынан да қалайлы орта іздеп сыртқа кеткендердің алды Алматы, Астана асты, арты көрші Шымкентке тоқтады. Артынша сол кеткендердің көбісі елге қайта оралды.

екен. Қарағанды облысында 1134,3 мың адам тұратын болса, осының 18,1% ғана ауылдықтар екен. Ал, қызығы Алматы облысында 1551,4 мың тұрғын болса, осы халықтың 80,5% ауылдықтар екен.

Түркістан облысы халқының да 74,9%-ы ауылдықтар. Жетісулықтардың 55,2%, жамбылдықтардың 56,3%, солтүстік қазақстандықтардың 51 %-ы ауылдықтар, содан кейін Қызылорда облысы халқының жарыдан астамы ауылдықтар екен.

Демек, халқымыздың жарыдан астамы тұратын ауылдарды жақсарту сырбойылықтардың әлеуетін көтеру деген сөз. Ауылдарды жақсарту дегеннен шығады, бүгінде Қызылордада республика бойынша мақтанаш ететін Нағи Илиясов ауылы бар. Қазір мақтан етіп жүрген Таң, Жаңажол ауылдары да “Нағи” ауылының қатарына қосылып келеді.

Бір ғана “Бесарық” ауылын алып қаралық:

Осы форумда сөз алған осы ауыл әкімінің айтуынша “Бүгінде ауылда 237 адам тұрады. Оның 1011-і экономикалық белсенді халық. Ауылдық округте 2024 жылдың 1 қарашасына тіркелген кәсіпкер саны 299, оның ішінде жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлер саны 294 болып, тіркелгендер үлесі 98,3 пайызды құрады.

Жыл басынан бері Бесарық ауылында мемлекеттік және Өңірлік бағдарламалар аясында құны 1,1 млрд. теңгені құрайтын

Investopedia.com жыл сайын «Америка тұрғындарының арманының» құнын есептеп шығарады. 2024 жылы ол 4,4 миллион долларды құрады. Бұл көрсеткішке денсаулық, үйлену шығындары, екі баланы тәрбиелеу, үй сатып алу, жерлеуге қажет қаражат кіреді. Статистикалық деректер, зерттеулер және Chat GPT көмегімен Taspanews.kz тілшілері «қазақстандықтардың арманындағы өмір» құны қанша болатынын есептеп көрді. Бақытты болу үшін қазақстандықтарға небәрі 430 миллион 800 мың теңге қажет екен.

ЕКІ БАЛАНЫ ӨСІРУГЕ КЕРЕКТІ ҚАРАЖАТ (120 МЛН. ТЕҢГЕ)

Америкада балаларды өсіріп, жеткізу көбінде өте қымбат. Зерттеуге сәйкес олар 2 балаға 832 мың 172 доллар жұмсайды.

Қазақстандағы балаларды өсіруге қажет қаражатты есептеу үшін Freedom Life сарапшылары жүргізген зерттеуді алдық. Олар бір балаға шаққандағы қаражат орта есеппен айына 130 мың теңгені құрайтынын келтірді. Есепке мектепке дейінгі мекемелерге, секциялар мен үйірмелерге бару, азық-түлікпен қамтамасыз ету, киім-кешек, ойыншықтар, жеке гигиена құралдары, ойын-сауық, медициналық қызметтер, кеңсе тауарлары сияқты қажеттіліктер ескерілді.

Орташа болжамды инфляция жылына шамамен 8 пайызды құрайтынын ескерсек, баланы 17 жасқа дейін өсіру үшін 56 миллион теңгеден сәл астам қаражат қажет болады екен. Адам кем дегенде екі баланы армандайтынын ескерсек, барлығын қосқанда 112 миллион теңге шығады. Бұл колледж бен университеттегі білім алу шығындарын қоспағанда. Қазақстандықтардың барлығы дерлік балаларының грантқа түскенін армандайды. Алайда, эксперименттің тазалығы үшін біз екі баланың жоғарғы оқу орнында білім алуына шамамен 8 миллион теңге қостық. Нәтижесінде балаға жұмсалатын орташа қаражат 122 миллион теңге болып шықты.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ (10 МЛН. ТЕҢГЕ)

Америкамен қайта салыстырсақ, ол жақта денсаулық сақтауға қаражат зейнетақы жинақтарынан алынады. Оларды сома қанағаттандыру үшін 1,6 миллион долларды қажет екен. Алайда зерттеушілер американдықтардың жартысы ғана зейнетақы шоттарына ие деген пікірге ие. Қазақстанда міндетті медициналық сақтандыру өз бетінше жұмыспен қамтылғандар үшін ең төменгі жалақының 5 пайызын құрайды. 2024 жылы бұл айына 4 250 теңгені және жылына 51 мың теңгені құрады.

Міндетті медициналық сақтандыру жарналарының мөлшері ең төменгі жалақыға байланысты дедік, алайда бұл көрсеткіш өссе ше?. Мәселен, 2023 жылы ол 16,7%-ға, 2024 жылы 21,4%-ға өсті. Алайда, 2021 жылға дейін сома үш жыл бойы өзгермей, небәрі 42500 теңгені құрады. Есептеу үшін біз соңғы 5 жылдағы ең төменгі жалақының орташа өсу қарқынын алдық, ол 8% инфляция деңгейіне жақын болып шықты. Біз бұл деректерді ChatGPT-ке жүктеп, 43 жылға қажетті соманы ала аламыз. Нәтижесінде, ол 10 миллион теңгеден асты. Бұл жағдайда ақылы медициналық қызметтер есепке алынбайды.

ТОЙ ШЫҒЫНДАРЫ (10 МЛН ТЕҢГЕ)

Американдықтар 44 000 доллардың тойын армандайды. Қазақтар бұл ретте бәсекеге түсе алады, себебі біздің тойлар жүздеген қонақтардың қатысуымен өтеді және біз салтанат үшін тіпті несие алудан қашпаймыз. 2023 жылдағы нейро дереккезден алынған мәліметтер Қазақстанда той өткізу 1,5 миллион теңгеге шақ болатынын көрсетті, алайда орта есеппен үйлену тойының құны 6-10 миллион теңгені құрайды. Оған қалыңдық пен күйеу жігіттің киім-кешегі, бетті өрлеу, сақина сатып алу, неке тіркеу, 200 қонаққа арналған салтанат залын жалға алу т.т кіреді.

ҮЙ САЛУ (200 МЛН. ТЕҢГЕ)

Американдық болсын, қазақ болсын, өз үйінің болуын армандайды. Әдетте американдықтар тұрғын үйді зейнеткерлікке шыққаннан кейін сатып алады, оған дейін пәтерді жалға алғанды жөн көреді. Қазақстанда жеке баспана алу мәселесі неке қиғанда және бала туғанда туындайды. Ұлттық статистика бюросы мәліметіне сай, 2023 жылы қазақстандықтар 1 шаршы метр үшін орта есеппен 141 700 теңге жұмсаған. Көбінде елде 200 шаршы метр үйлер сұранысқа ие. Жалпы сомасы 27 миллионнан сәл асады. Әрине, тұрғын үйдің құны ол орналасқан қала ауданына байланысты айтарлықтай өзгеріске ұшырайды. Аудан орталығы болған жағдайда, қымбаттай түседі. Жарнамаларды қарастырып, нарықтағы сұраныс пен ұсынысты ескере, «Казриелт» бүгінде бір үйдің орташа бағасы шамамен 200 миллион теңгені құрайтынын есептеп шығарған.

НЕСИЕГЕ АВТОКӨЛІК АЛУ (34 МЛН. ТЕҢГЕ)

Статистикаларда қазіргі таңда қазақстандықтардың басым бөлігі көлікті несиеге сатып алатыны келтіріледі. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында көлік алуға берілген несие 763,7 млрд теңгені құрады. Бір сатып алушыға шаққанда орташа көрсеткіш бойынша несие сомасы 8,1 миллион теңгені құрайды. Бұл статистикаға ескі көліктер де, жаңа көліктер де кіреді. Қазақстан автомобиль одағының мәліметі бойынша 2024 жылы ең танымал автокөлік брендтерінің қатарында Hyundai, Kia, Chevrolet болды.

Көбінесе банктер азаматтардан 10% бастапқы жарнаны талап етіп, 7 жылға несие берген жағдайда және пайыздық мөлшерлеме шамамен 25% болса, сатып алушы автокөлік үшін орташа есеппен пайыздармен қоса 17 миллион теңге төлейді.

Американдықтар бір отбасында 2 көлік болса деп армандайды. Бізде де сол үрдіс. Әйелі де, күйеуі де көлікке ие болғысы келеді. Осы орайда несие екі еселейміз. Сонда 34 миллион теңге шығады.

35 ЖЫЛ БОЙЫ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ САЯХАТ (50 МЛН. ТЕҢГЕ)

«Американдықтардың арманы» – 63 жыл ішінде жыл сайын бір апталық демалысқа шығу. Индекске сай, американдық 85 жасқа дейін саяхаттайды екен. Қазақстанда жағдай өзгеше. Ұлттық статистика бюросы мен Jusan big data жүргізген талдауға сәйкес, 20 мен 70 жас аралығындағы халықтың ішінде ең белсенді саяхатшылар – 26 мен 35 жас аралығындағы азаматтар. Көбінесе олар Түркия, БАӘ және Египетте демалуды жөн көреді. Саяхаттағы орташа есеппен тәулігіне 100 мың теңгеден (\$204) асады, ал сапар ұзақтығы әдетте 7 күнді (\$1428) құрайды. Осы мәліметтерді пайдалана, жастар 25-тен бастап, кем дегенде 60 жасқа дейін жыл сайын саяхаттайды деп ойластырып көрсек. Сонымен қатар, олар жалғыз емес, жұп болып шықса, 35 жылға оларға 100 мың доллар немесе шамамен 50 миллион теңге қажет болады екен.

Бұл қаражатты жергілікті валютамен сақтамаған жөн. Бағамдық айырмашылық қатты әсер етпеуі үшін жинаған ақшаңызды депозитке салыңыз.

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ (1 МИЛЛИОН 800 МЫҢ ТЕҢГЕ)

Америка азаматтары бақытты болу үшін мысықтар мен иттерді ұстауға 36 626 доллар жұмсауға дайын. Ондағы әрбір екінші азаматта бір үй жануары бар. Есептеу кезінде мысықтардың орта есеппен 11,2 жыл, ал иттер 12,7 жыл өмір сүретіні ескерілді.

Қазақстандықтар үй жануарын жиі ұстай бермейді, дегенмен біз іздендік. 2023 жылға арналған Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәліметі бойынша, Қазақстанда жалпы иттер мен мысықтардың саны 730 мыңға жуық болса, оның 610 мыңға жуығы үй жануарлары ретінде адам серігі болуда. Ашық дереккөздерден тапқышымыз – үй жануарына қазақстандықтар орташа көрсеткішке сай, айына 15 мың теңге жұмсайды екен. Сонда, бір жылда 180 мың теңге болып қалады. Үй жануарларының орташа өмір сүру ұзақтығы 10 жыл болса, 1 миллион 800 мың теңге қажет болады.

ЖЕРЛЕУ (5 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ)

Американдықтар жерлеу шығындарын ұрпақтарына қалдырмай, өздері ойластырады, сондықтан да бұл олардың жоспарына кіреді. Олар жерлеу сапасына 8 453 доллар құртуға дайын екен. Астана, Алматы және басқа да ірі қалаларда жерлеу құны 200 мыңнан бірнеше миллион теңгеге дейін ауытқиды. Ескертуге жер тегін бөлінгімен, қабірді дайындау (табыттар мен церкульштер 500 мыңға дейін жетеді), ас өткізу сияқты міндетті шаралар көп. 100 адамға арналған ас орта есеппен 1 миллион 500 мың теңгені құрауы мүмкін. Сондай-ақ «жети күндігі», «40 күндігі» бар. Жалпы сома 5 миллион теңгені құрауы мүмкін.

Дарья ИСКАНДЕРОВА

С.БИХОЖАЕВА

“САМАРА – ШЫМКЕНТ – ҚЫЗЫЛОРДА” ҚАЙТА ЖАҢҒЫРДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қайта жаңғыртудан өткен аудандық маңызы бар «Самара-Шымкент-Қызылорда» автожолына барды.



Мердігер мекеме «УАД» ЖШС 8,4 шақырымдық жолды төрт жолақты, көлік жүретін бөлігінің енін 14 метр етіп салды. Құрылысты жоспарға сәйкес 6 айда бітірді. Жоба бойынша қиыршық тас-мастикалық асфальт қабаты төселді.

Құрылыс алаңындағы техникалық қадағалаушы «Қызылорда Нұр Строй Инжиниринг», авторлық қадағалаушы «Блеск Мастер» серіктестіктері.

Облыс әкімі жұмысқа қойылатын басты талап сапа екенін айтып, кемшілік орын алған жағдайда мердігер мекеме жауапты болатынын еске салды.

Қызылорда облысы аумағындағы жергілікті маңызы бар автомобиль

жолдарының ұзындығы – 3580,5 шақырым, оның 1014,5 шақырымының республикалық, 555 шақырымының облыстық, 2011 шақырымының аудан-

дық маңызы бар.

Өткен жылы жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттерден қаржы бөлініп, 603 шақырым автомобиль жолдары, елді мекен көшелері, көпір өткелдері салынды, қайта жаңғыртылды, жөнделді. Жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы көрсеткіші 82 %-ға жеткізілді.

Осы жылы 300 шақырымнан астам жол, көшелер және көпір өткелдері жөнделуде. Жыл қорытындысымен жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдар көрсеткішін 87,5 %-ға жеткізу көзделген.

“ҚОРҚЫТТАН” ҰШАТЫНДАР КӨБЕЮДЕ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Болат Өтеұратов қорының» қолдауымен салынған «Қорқыт Ата әуежайының» жаңа терминалындағы жұмыстармен танысты.

Бүгінде мұнда халықаралық стандарттарға сай келетін екінші телескопиялық трап әкелінген. Трапты монтаждау жұмыстары аяқталғаннан кейін терминалды ашу жоспарлануда.

Халықаралық талаптарға сай етіп салынған жаңа нысанда ішкі және халықаралық рейстерге, транзиттік жолаушыларға арналған, СІР залдары, жүкті автоматты түрде беру жүйесі, «Duty Free» аймағы, сауда нүктелері, медпункт, кафе, ғибадат ету, жүк сақтау, ана мен бала бөлмелері бар. Екі қабатты ғимаратта сағатына 250 жолаушыға 10 төлқұжат бақылау кабинасы арқылы қызмет көрсетіледі.

«Қорқыт Ата әуежайы» соңғы 9 айда жолаушылар мен жүк тасымалында жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Қаңтар-қыркүйек айларында әуежайда 264 506 жолаушыға қызмет көрсетіліп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 20%- ға артқан.

Сонымен қатар осы уақыт аралығында рейстер саны 1420-ға жеткен. Бұл «Қорқыт Ата әуежайы» көрсеткіштерінің тұрақты өсімін және әуе тасымалының жоғары белсенділігін растайды.

ОБЛЫС ӘКІМІ «МЕРЕЙ» ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІНЕ БАРДЫ



Қызылорда қаласы орталығындағы жаңадан бой көтерген «Мерей» көпқабатты тұрғын үй кешенінің аумағы 11 113 шаршы метр. Тұрғын үй 7 қабатты, 82 пәтері бар. Кешендегі негізгі жұмыстар аяқталған, аумағы абаттандырылып, сыртқы және ішкі әрлеу жұмыстары жүргізілуде. Облыс әкімі Н.Нәлібаев осы кешенге барып құрылыс жұмысын көрді.

Биыл мемлекеттік қолдау мен ұлттық жобалар аясында қаржыландырудың барлық көзінен өңірде 863 900 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. Мемлекеттік бюджеттен бөлінген 37 млрд 100 млн теңгеге 3 мыңға жуық пәтер табысталаып, 13 мың тұрғын қоныстой тойлайды.

2022-2023 жылдары 4 мыңға жуық пәтер беріліп, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілген болатын.

"ЖЫЛУМЕН ЖАБДЫҚТАУДА ЕШ КЕДЕРГІ ТУЫНДАМАУЫ ТИІС"

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен бюджет қаржысын игеру, құрылыс жұмыстары, жылу маусымының барысы талқыланған жиын өтті. Басқосуға облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, қала, аудан әкімдері, жауапты сала басшылары қатысты.

Облыс әкімі белгіленген тапсырмалардың орындалуына тоқталып, межелі көрсеткішке қол жетпеген жағдайда жауапкершілік бірінші басшылардан сұралатынын ескертті.

– «Жыл соңына дейін бюджет қаражатын тиімді игеріп, нақты бағыттарға жұмсау қажет.

Биыл аяқталатын құрылыс нысандарындағы жұмысты бақылауға алыңыздар. Мердігер мекемелермен ұдайы байланыста болып, құрылыстың басына барып тексеріп тұрыңыздар. Бірінші әрі басты талап - сапа, сосын жұмысты мерзімінде аяқтау керек.

Жылумен жабдықтауда еш кедергі туындамауы тиіс. Бұған дейін де үнемі айтып келемін, бірінші кезекте әлеуметтік нысандарды, тұрғын үйлерді үздіксіз жылумен қамтамасыз етіңіздер. Аудан, ауылдарда көмір тапшылығы болмасын», - деді Н.Нәлібаев.

Сонымен қатар жиында көгалдандыруға, абаттандыруға, тазалық жұмыстарын тұрақты жүргізуге қатысты тапсырмалар берілді.

ОБЛЫС ӘКІМІ ҚАБЫЛДАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды қабылдады. Қабылдауға келген тұрғындардың басым бөлігі әлеуметтік көмекке, емделуге, кәсіпкерлікті қолдауға, тұрғын үйге және жұмысқа орналасуға қатысты мәселелер көтерді.



Келушілердің ұсыныс-пікірлерін, өтініш-сауалдарын мамандар жан-жақты қарастырады. Әрқайсының себеп-салдары жіті зерттеліп, заң аясында шешімі шығады. Кейбір сұрақтар бойынша түсіндірмені мамандар сол жерде берді. Бірқатарының шешілу жолдары көрсетілді.

Бұл жолғы қабылдауда облыс әкімі І топ мүгедектігі бар азаматтың жолдасын тұрақты жұмысқа орналастыру жолдарын қарастыруды жауапты басшыларға тапсырды.

Сонымен бірге, жалдамалы пәтерде тұратын 7 балалы ананы тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін қажетті шара қабылдауды жүктеді. Баспана заң аясында кезекпен берілетінін, тұрғындар сұранысы ескеріліп көпқабатты тұрғын үйлер құрылысының қарқыны артқанын,

ЖАҚСЫ БАЛА ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ?

Қызылордада «Тәрбие талбесіктен» тақырыбында ІХ Республикалық әкелер форумы өтті. Бұл іс-шара ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның, Мәдениет және ақпарат министрлігінің, Қызылорда облысы әкімдігінің, «Әкелер одағы» РҚБ қолдауымен ұйымдастырылды.

Форум мақсаты – әкенің бала тәрбиесіндегі, отбасындағы және қоғамдағы рөлін арттыру. Басқосуға зиялы қауым өкілдері, отбасы саясаты саласындағы сарапшылар, халықаралық ұйымдар өкілдері, Республикалық әкелер одағының өңірлік жетекшілері, жергілікті атқарушы органдардың, ҰЕҰ мен БАҚ өкілдері, республиканың барлық өңірінен 150-ден астам делегат қатысты.

Форумның алғашқы күнінде қонақтарға Қызылорда қаласының керікті жерлері мен жаңадан бой көтерген әлеуметтік нысандар таныстырылды, екінші күні секциялық жұмыстар ұйымдастырылып, «Достық үйінде» пленарлық отырыспен қорытыланды.

Оған облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, республикалық «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мақсұтбек Айтмағамбет, ЮНФПА-ның Қазақстандағы атқарушы өкілі Райымбек Сисемалиев, «Qazaqstan ardagerleri» ассоциациясының төрағасы Бақытбек Смағұл, Оқу-ағарту министрлігінің департамент директоры Меруерт Медетбекова, Мәдениет және ақпарат министрлігі Жастар және отбасы істері комитеті төрағасының орынбасары Біржан Әлімжанов, Туризм және спорт министрлігінің басқарма басшысы Жандос Мақсұтұлы, «Отбасы академиясының» негізін қалаушы, отбасылық психолог Ержан Мырзабаев арнайы шақыртылды.

Облыс әкімінің орынбасары форум қонақтарына аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтау лебізін жеткізді. Сондай-ақ, отбасы құндылығы мен киелі шаңырақ қасиетін жас ұрпақ санасына сіңіру, рухани-адамгершілік тәрбиені доріптеу мақсатында аймақта атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Алдағы уақытта Әкелер кеңесінің мәртебесін арттыру бағытында форум басқа өңірлерде де жалғасын табады.

«НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ»

ОблысәкіміНұрлыбекНәлібаевтыңқатысуымен «Нашақорлыққа жол жоқ» тақырыбында үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Кеңеске қала, аудан әкімдері, құқық қорғау органдарының, жауапты салалардың басшылары қатысты.

Аймақ басшысы осы бағытта атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы міндеттерді айқындады.

– «Бүгінгі үйлестіру кеңесінің тақырыбы – аса маңызды, қоғамымыз үшін өте өзекті. Нашақорлықтың таралуына жол бермеу, есірткі қылмыстарының алдын алу – біздің басты міндетіміз.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында «Нашақорлық, әсіресе, балалар арасында тез таралып, жастарымыз ұланып жатыр. Есірткімен күрес белсенді жүргізілмесе, ертең бәрі кеш болуы мүмкін» - деген болатын.

Жасөспірімдердің құқығы мен өмірін қорғауға

айрықша көңіл бөлініп, балаларды құмар ойынға жетелегендер заң бойынша жазаға тартылады. Кәмелетке толмаған балаларға зорлық-зомбылық көрсеткенге берілетін жаза қатаңдады. Балалар қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, әйелдер мен балаларға қарсы қылмыстың алдын алуды көздейтін заң қабылданды.

Кәмелет жасына толмағандар арасында нашақорлықтың алдын алуға бағытталған танымдық-тәрбиелік іс-шараларды мектептерде көптеп өткізу қажет. Әскери және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне арналған скринингтің оң тәжірибесін мектеп педагогтеріне қолдану мәселесін қарастырыңыздар. Балалардың бос уақытын тиімді үйлестіруде бірлескен шаралар қабылдаңыздар. Әсіресе, ерекше бақылауды қажет ететін, түрлі санаттағы отбасы балаларын шығармашылық және спорттық секцияларға тарту керек.

Саламатты өмір салтын қалыптастыруда, бала-

лар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайтуда «Жастар денсаулығы» орталығының жұмысын күшейтіңіздер. Түрлі санаттағы отбасылардың цифрлық картасының мүмкіндігін пайдалану қажет. Бұл есірткі тұтынушының әлеуметтік-экономикалық портретін электронды форматта қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қоғамдық пікір көшбасшыларын, журналистерді, белсенді блогерлерді тартып, нашақорлықтың зияны туралы танымдық іс-шаралар ұйымдастырыңыздар.

Рейдтік жұмыстардың балама әдістерін қарастыру, жасөспірімдер мен жастар арасындағы нашақорлыққа, құқық бұзушылыққа, кибербуллингке, заңсыз ойындарға тосқауыл қою шаралары өте маңызды», – деді Н.Нәлібаев.

Жастар мен жасөспірімдердің уақытын тиімді өткізу, жат әрекеттерден сақтандыру, бәсекеге қабілетті ұлт тәрбиелеу мақсатында соңғы 3 жылда жаңадан 21 мәдениет нысанын салуға бюджеттен

қаржы қаралды, 10 нысан пайдалануға берілді. Тағы 11 нысанның құрылысы жыл соңына дейін аяқталады.

Кеңесте облыс прокуроры Ризабек Ожаров, Бас прокуратураның стратегиялық даму департаментінің бастығы Әлжан Нұрбеков, облыс прокурорының орынбасары Мәди Сарпеков, облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Серік Тоқтыбаев, мемлекет және қоғам қайраткері Бақытбек Смағұл, «Әкелер одағы» республикалық бірлестігінің төрағасы Мақсұтбек Айтмағанбет сөз сөйледі.

Жиында жат әдетпен күреске азаматтық қоғамның әрбір мүшесін жмыылдыру ұсынылды. Бірлескен іс-шаралар жоспары таныстырылып, облысымызда нашақорлыққа қарсы бір айлық акция өткізу туралы бастама көтерілді.

Қатысушылар прокуратура бастамасын қолдап, есірткінің заңсыз айналымын түбегейлі жою мақсатында бірлесе қызмет атқару туралы ортақ келісімге келді.

АУЫЛДАН

Ауылдарды дамыту – мемлекеттік саясаттың маңызды стратегиялық мақсаттарының бірі.

Президент **Үкімет** пен **облыс әкімдеріне** Мемлекет тарапынан жасалып жатқан барлық қолдауларды тиімді және мақсатты пайдаланып, **ауыл халқының табысын арттыру**, экономикасын жоғары көрсеткіштерге жеткізу міндетін қойды.

Бүгінде облыстың **447 мың** тұрғыны (*облыс халқының саны 845 мың адам*) немесе **53 пайызы** ауылда тұрады.



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ХАЛЫҚ САНЫ

БҮГІНДЕ ОБЛЫС ХАЛҚЫНЫҢ САНЫ
845 МЫҢ АДАМ



оның
447 мың тұрғыны
АУЫЛДА ТҰРАДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, елімізде **«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту»** ұлттық жобасы, **«Ауыл – Ел бесігі»**, **«Ауыл аманаты»**, **«Дипломмен ауылға»** мемлекеттік бағдарламалары сәтті жүзеге асуда.



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫНА СӘЙКЕС ЖҮЗЕГЕ АСЫП ЖАТҚАН ЖОБАЛАР

**"АУЫЛ - ЕЛ БЕСІГІ" ЖОБАСЫ**

**"ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА" ЖОБАСЫ**

**"АУЫЛДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ЖАҢҒЫРТУ" ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ**

Президенттің, Үкіметтің ерекше қолдауының арқасында облысымыздың бюджеті **744 млрд. теңгеден** асты. Осыдан екі жыл бұрын **364 млрд. теңге** болатын. Өсім **204,4** пайызды құрады.

Бұл қаражат аймақтағы **ең өзекті деген мәселелерді шешуге**, тұрғындардың **өмір сүру сапасын арттыруға** және **ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға** жұмсалуда.



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БЮДЖЕТІНІҢ КӨЛЕМІ

ОБЛЫС БЮДЖЕТІ

2022 ж. **364** млрд.тг

↑ 204,4%


2024 ж. **744** млрд.тг


Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының барлық негізгі көрсеткіштерінде **оң динамика** қалыптасты. Өңір республика бойынша **алғашқы үштікте**.


Өнеркәсіп өндірісі - **2 пайызға** (807,1 млрд.теңге), өңдеу өнеркәсібі – **28 пайызға** (268,4 млрд.теңге), ауыл шаруашылығы - **3,8 пайызға** (147,5 млрд.теңге), инвестициялар тарту – **25,1 пайызға** (424 млрд. теңге), құрылыс жұмыстарының көлемі – **43,6 пайызға** (173,8 млрд.теңге), тұрғын үй - **4,6 пайызға** (646,2 мың ш.м.), көлік - **3,5 пайызға** (216,3 млрд.теңге), сауда - **6 пайызға** (593,1 млрд.теңге) **артты**.





ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ


**ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСІ**
2% 807,1 млрд.тг

**ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ**
28% 268,4 млрд.тг


**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ**
3,8% 147,5 млрд.тг

**ТАРТЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР**
25,1% 424 млрд.тг

**ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ**
43,6% 173,8 млрд.тг

**ТҰРҒЫН ҮЙДІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ**
4,6% 646,2 мың м²

**КӨЛІК**
3,5% 216,3 млрд.тг

**САУДА**
6% 593,1 млрд.тг

Елді мекендердің әлеуетін көтеруге бағытталған **«Ауыл - Ел Бесігі»** жобасы аясында облыста **тірек және спутник** елді мекендер айқындалды.

Жоба жүзеге асқан **5 жыл ішінде** (2019-2024 жж.) облыста құны **31 млрд. 200 млн теңгеден** асатын **435 жоба** жүзеге асырылды.

Ағымдағы жылы облыстың **39 ауылдық елді мекенінде** 71 жобаны жүзеге асыруға **11 млрд. 100 млн. теңге** бөлінді (*республикалық бюджеттен 5,5 млрд.теңге, облыстық бюджеттен 5,6 млрд. теңге*). Бұл қаржы елді мекендердің **инженерлік-инфрақұрылымдарын жаңғыртуға**, әлеуметтік нысандар **құрылысын салу мен жөндеу жұмыстарына** бағытталды.

Жоба аясында жыл сайын **қаржы көлемі ұлғайтылады** деп күтілуде.



"АУЫЛ - ЕЛ БЕСІГІ" ЖОБАСЫ

2019-2024 жж. **31,2** млрд.теңге

435 ЖОБА

2024 ж.

39 АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕН

11,1 млрд.теңге

71 ЖОБА

5,5 млрд.теңге

5,6 млрд.теңге

Республикалық бюджет

Облыстық бюджет

Тұрғындардың қолайлы ортада өміру сүруін қамтамасыз ету мақсатында ойын алаңдары, ауаларды абаттандыру, парктер мен аллеялардың құрылысы жүргізілуде.

Бұл жұмыстарға жергілікті кәсіпкерлер, облыстан шыққан меценаттар Сыр елін көркейтуге, ауылдарды дамытуға белсенді араласып, **өз үлестерін қосуда**.

Аймағымызда **демекшілер есебінен** барлығы **50 млрд. теңгенің** жобалары жүзеге асуда.

Биылғы жылдың 9 айында **424 млрд. теңге** инвестиция тартылып, өсім **25,1 пайызды** құрады (9 ай 2023 ж. – 332,2 млрд. теңге).

Облыста тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны **69 198 бірлікті** құраса, оның **33 112 бірлігі аудандарға** тиесілі.

Кәсіпкерлікті қолдауға соңғы **2 жылда** (2022-2023 жж.) **127 млрд. 500 млн. теңге** тартылып, **12 мыңнан астам жоба** қаржыландырылды.

Биылғы жылы екінші деңгейлі банктер мен қаржы ұйымдары арқылы **3 мыңға жуық жоба** қаржыландырылуда. Оның **65 пайызы ауыл тұрғындарының жобалары** (*яғни 1919 жоба 23,6 млрд теңгеге қаржыландырылды*).



2022-2024 ЖЫЛДАРЫ БЮДЖЕТТЕН ТЫС ТАРТЫЛҒАН ҚАРАЖАТТАР

ДЕМЕУШІЛЕР ЕСЕБІНЕН БАРЛЫҒЫ

50 млрд. теңге тартылды

ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ
(9 ай қорытындысымен)

2023 ж. **332,2** млрд.тг

2024 ж. **424** млрд.тг

▲ 25,1%

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПкерлік СУБЪЕКТІлері

АУДАНДАРҒА ТИЕСІЛІ

69 198 БІРЛІК

» **33 112** БІРЛІК

2022-2023 жж

127,5 млрд. теңге тартылды

12 мың ЖОБА

ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ БАНКТЕР МЕН ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫ АРҚЫЛЫ

3 мың ЖОБА қаржыландырылды

» **АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖОБАЛАРЫ**

1919 ЖОБА

23,6 млрд. теңге

Бүгінгі күні облыс халқын **табиғи газбен қамту** деңгейі **75 пайызды** құрайды.

Өңірдегі **барлық қалалар** мен **аудан орталықтары** және **29 ауылдық елді мекен** табиғи газға қосылған. Биыл газдандыру жобаларына **30 млрд. теңге** қаржы бөлінді.

Аталған қаржыға **306** шақырым газ желілері салынды. Бұл **20** мыңнан астам халқы бар **17** елді мекенді газға қосуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде өңірдің газбен қамту көрсеткішін **78 пайызға** жеткіземіз.

2022 жылдан бастап облыс аумағында **ауыз сумен** қамту бойынша жалпы құны **16 млрд. 800 млн. теңгені** құрайтын **55 жоба** жүзеге асырылды. Нәтижесінде, халықты орталықтандырылған ауыз сумен қамту деңгейі **98,6 пайызға** дейін жетті.

2025 жылы ауыз сумен **100 пайыз** қамтамасыз етеміз.

Электр энергиямен қамту бағытында 2022 жылдан бастап **18 млрд. теңгеге 70 жоба** жүзеге асырылды. Биылдың өзінде **11 млрд. теңгеге 38 жоба** жүзеге асуда. Нәтижесінде, электр желілерінің тозу деңгейі **62 пайызға** төмендейді.



2022-2024 ЖЫЛДАРЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН ИНЖЕНЕРЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖОБАЛАРЫ

ЭЛЕКТРЭНЕРГИЯСЫМЕН ҚАМТУ

ЖОБА САНЫ | **70**

ҚҰНЫ | **18** млрд. тг.

ТОЗУ ДЕҢГЕЙІ

72% 7,5 мың км

62% 6,5 мың км

ГАЗДАНДЫРУ

ЖОБА САНЫ | **43**

ҚҰНЫ | **30** млрд. тг.

ГАЗДАНДЫРУ ДЕҢГЕЙІ

75% 4 ҚАЛА 29 ЕЛДІ МЕКЕН

78% 4 ҚАЛА 46 ЕЛДІ МЕКЕН 656 мың адам

АУЫЗ СУМЕН ҚАМТУ

ЖОБА САНЫ | **55**

ҚҰНЫ | **16,8** млрд. тг.

ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН АУЫЗ СУМЕН ҚАМТЫЛҒАН

207 елді мекен

98,6% 400 мың адам

Биылғы жылы **аймақта 43 млрд теңгеден астам қаржыға** ұзындығы **300 шақырымға жуық** автомобиль жолдары мен көпір өткелдері жөндеуден өтуде.

Соңғы үш жылда жөнделген жолдардың ұзындығы **1 мың 271 шақырымды** құрайды. Осылайша жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі **92 пайыздан** асады.



АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ

**ЖОЛДАР**

300 км

ҚҰНЫ

43 млрд. тг.

2024 жылғы жоспар бойынша жақсы жағдайдағы жолдар үлесі

92% жетеді

Облыс бойынша биылғы жылы **133 млрд. 400 млн.** теңгеге **187 жобаның құрылысы** жүргізілуде.

2022-2023 жылдары 4 мыңға жуық пәтер табысталып, **17 мың тұрғынның** баспана мәселесі шешілді.

Биылғы жылы мемлекеттік бюджеттен бөлінген **37 млрд. 100 млн. теңгеге 3 мыңға жуық пәтер** пайдалануға беріліп, **13 мың** тұрғынның баспана мәселесі шешімін табады.



ТҰРҒЫН ҮЙМЕН ҚАМТУ

2024 ЖЫЛ ОБЛЫС БОЙЫНША

133,4 млрд. ТЕҢГЕ

187 ЖОБА

863,9 ШАРШЫ МЕТР

ТҰРҒЫН ҮЙ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ



Аймақ халқының денсаулығын арттыру, медициналық көмек көрсету деңгейін көтеру мақсатында өңірімізде 2022-2024 жылдары құны **58 млрд. 300 млн. теңгені** құрайтын **45 денсаулық сақтау** инфрақұрылымын жаңарту жұмыстары жүргізілуде.

«Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» Ұлттық жобасы аясында өңірімізде **27 нысан** салынуда.



ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫ

2022-2024 жж

ӨНІРІМІЗДЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ДЕҢГЕЙІН КӨТЕРУ МАҚСАТЫНДА

58 млрд. **300** млн. теңгеге

45 денсаулық сақтау инфрақұрылымы

"АУЫЛДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ЖАҢҒЫРТУ" ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ӨНІРІМІЗДЕ

» **27** НЫСАН САЛЫНУДА

АДАМ КӨШПЕЙДІ

Өткен жылы елді мекендерде **16 жаңа дәрігерлік амбулатория** ел игілігіне табысталды. Қараша айында **11 медициналық нысан** пайдалануға беріледі. Облыс тұрғындарының сұранысына сәйкес аймақтың **барлық елді мекендеріндегі** денсаулық сақтау ұйымдарына **245 санитарлық** автокөлік алынды.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫ

ОБЛЫСТЫҢ БАРЛЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНДЕГІ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМДАРЫНА 245 САНИТАРЛЫҚ АВТОКӨЛІК ТАБЫСТАЛДЫ

Ұлттық жоба аясында **3 млрд. теңгеге** Шиелі ауданында **30 төсектік инфекциялық бөлімше** құрылысы және Шиелі көп бейінді ауруханасының **қосымша құрылысы** басталды. Арал ауданында **25 төсектік инфекциялық бөлімше** құрылысы және Арал, Қазалы, Жаңақорған көп бейінді ауруханаларының **қосымша құрылысы** басталады. Қазақстан халқы қоры арқылы құны **1 млрд. 100 млн. теңгеге** жылжымалы медициналық кешен алынып, аймақтағы барлық ауыл тұрғындарына скрининг жүргізуде. 2024 жылы **білім саласына** қаралған бюджеттің (262 млрд. 100 млн. теңге) **58 пайызы** яғни, **151 млрд. 646 млн. теңгесі** аудандарға тиесілі.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫ

3 млрд. теңге

ШИЕЛІ АУДАНЫНДА 30 ТӨСЕКТІК ИНФЕКЦИЯЛЫҚ БӨЛІМШЕ

ШИЕЛІ КӨП БЕЙІНДІ АУРУХАНАСЫНЫҢ ҚОСЫМША ҚҰРЫЛЫСЫ

АРАЛ АУДАНЫНДА 25 ТӨСЕКТІК ИНФЕКЦИЯЛЫҚ БӨЛІМШЕ ҚҰРЫЛЫСЫ

АРАЛ, ҚАЗАЛЫ ЖАҢАҚОРҒАН КӨП БЕЙІНДІ АУРУХАНАЛАРЫНЫҢ ҚОСЫМША ҚҰРЫЛЫСЫ

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ҚОРЫ АРҚЫЛЫ ҚҰНЫ 1,1 МЛРД. ТЕҢГЕГЕ ЖЫЛЖЫМАЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КЕШЕН АЛЫНЫП, АЙМАҚТАҒЫ БАРЛЫҚ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА СКРИНИНГ ЖҮРГІЗУДЕ

Облыста оқушылар саны **184 мың 924 баланы** құрайтын **298** мектеп бар. **Кент және ауылдардағы** мектептердің үлесі - **77,5 пайыз** (231 мектеп). Онда **94 мың 453 бала** білім алуда. 2022 жылдан бері облыста **20** білім беру нысаны пайдалануға берілді. Оның **12 білім нысаны** аудандарға тиесілі. Жыл соңына дейін **ауылдарда 4 білім нысаны** іске қосылады. Құрделі жөндеуден өткен **15** білім нысандарының **9-ы ауылдарда** орналасқан.

БІЛІМ САЛАСЫ

БІЛІМ САЛАСЫНА БӨЛІНГЕН ҚАРЖЫ

АУДАНДАРҒА ТИЕСІЛІ 151,6 млрд. теңге 58% 2024 жылы 262,1 млрд. теңге

ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ 2022 жыл 20 МЕКТЕП АУДАНДАРҒА ТИЕСІЛІ 12 МЕКТЕП

ОБЛЫС БОЙЫНША 298 МЕКТЕП 184 924 ОҚУШЫЛАР САНЫ

КЕНТ ЖӘНЕ АУЫЛДАРДАҒЫ МЕКТЕПТЕРДІҢ ҮЛЕСІ 77,5% 231 МЕКТЕП 94 453 ОҚУШЫЛАР САНЫ

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасы аясында аймақта **6 900 орындық 10 мектептің** құрылысы жүргізілуде. Оның 6-уы ауылдық елді мекендерде салынуда. Ұстаздар күні қарсаңында облыс орталығында республикада алғашқы болып **900 орындық жайлы мектеп** пайдалануға берілді.

"ЖАЙЛЫ МЕКТЕП" ҚҰРЫЛЫСЫ

2024 жылға 10 мектеп

ЖОБА ҚҰНЫ 19,6 млрд. теңге

2025 жылға 11 мектеп

ЖОБА ҚҰНЫ 24,5 млрд. теңге

12 300 орындық

ҰСТАЗДАР КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА ОСЫ БІРЕГЕЙ ЖОБА АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСҚАН РЕСПУБЛИКАДАҒЫ АЛҒАШҚЫ 900 орындық

ЖАЙЛЫ МЕКТЕП ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ СОЛ ЖАҒАЛАУЫНАН ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Биылғы жыл **«Руханият жылы»** деп жарияланды. Барлық ауданда ішінде неке қию залы, кітапхана, музей, мұрағат, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі бар құны **11 млрд. 500 млн. теңгені** құрайтын **«Руханият» орталықтары** салынуда. Нысандар жыл соңына дейін ел игілігіне беріледі.

РУХАНИЯТ ОРТАЛЫҒЫ

7 АУДАНДА РУХАНИЯТ ОРТАЛЫҚТАРЫ ҚҰРЫЛЫСЫНА ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТТЕН 11,5 МЛРД. ТГ.

НЫСАН 2024 ЖЫЛЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

2024 жылдан бастап Мемлекет басшысының **«Адал азамат» Тұжырымдамасы** аясында Қызылорда облысындағы 171 мәдениет үйлері мен елдімекендерде орналасқан клубтар **«Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы** ретінде жұмыс жасай бастады.

Соңғы **үш жылда** ауылдарда **10 мәдениет нысанының** және **21 спорт кешенінің** құрылысы салынуда. Оның **5** мәдениет нысаны және **9** спорт кешені пайдалануға берілді.

СПОРТ САЛАСЫ

2023 ЖЫЛЫ 9 СПОРТ КЕШЕНІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

21 СПОРТ КЕШЕНІ САЛЫНУДА

Президент бастамасымен өткен жылдан бастап ауыл халқының тұрмыс-тіршілігін, әл-ауқатын жақсартуға бағытталған **«Ауыл аманаты» жобасы** бастау алды. Жоба аясында өткен жылы **3 млрд. теңгеге 406 жоба** жүзеге асып, **713 жаңа жұмыс орны** ашылды. Биыл бағдарлама аясында **4 млрд. 600 млн. теңгеге 575 жоба** жүзеге асырылуда.

"АУЫЛ АМАНАТЫ" ЖОБАСЫ

2023 жыл 416 ЖОБА 3 МЛРД. ТЕҢГЕ 713 ЖАҢА ЖҰМЫС ОРНЫ ҚҰРЫЛДЫ

2024 жыл 575 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА 4,6 МЛРД. ТЕҢГЕ

Ауылдық аймақтардың жағдайын жақсартуда **бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі** аясында өңірде агробизнес өкілдері тарапынан **ауқымды** жұмыстар атқарылуда. Бұл бағытта **«Абай-Дәулет»** жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің **нәтижелі жұмыстарын** ерекше атап өту қажет. Алдағы уақытта осы тәжірибені **кеңінен пайдаланып**, облыстың барлық ауылдарында **өндіріс, сауда** нысандарын ашу бойынша тапсырма берілді. Жерді өз игілігіне пайдаланып отырған шаруашылықтар елді мекендерді қолдауды **өз міндеттеріне** алып, халықтың әл-ауқатын арттыруға **атсалысуы тиіс**.

СЫРДАРІЯ АУДАНЫ БЕСАРЫҚ АУЫЛЫ

"АБАЙ ДӘУЛЕТ" ЖШС ДЕМЕУШІЛІГІМЕН:

2024 жыл 642 МЛН. ТГ. 318,2 МЛН. ТГ.

ОРТАЛЫҚ АЛАНДЫ ЖАҢҒЫРТУ ӘЛЕУМЕТТІК ҒИМАРАТТАРДЫ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ӨНДІРІС НЫСАНДАРЫН САЛУ БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ "АУЫЛ АМАНАТЫ" - 4 ЖОБА ӨІО АРҚЫЛЫ ("РИЦ") - 5 ЖОБА ӨЗ ҚАРАЖАТЫ ЕСЕБІНЕН - 4 ЖОБА

Соңғы жылдары **елді мекендерді абаттандыру**, инженерлік **инфрақұрылымдарды дамыту** және әлеуметтік **нысандарды қайта жаңғырту** жұмыстарына ауылшаруашылығы құрылымдары тарапынан **7 млрд. теңгеден астам** қаржы бағытталды. **Нағи Ілиясов, Бесарық, Таң, Жаңажол** ауылдарындағы шаруашылық есебінен жүзеге асып жатқан ауылды дамыту жобалары барлық ауылға **үлгі** болуы керек.

ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ ТАҢ АУЫЛЫ

СПОРТ КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

ТАҒЗЫМ АЛАҢЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

ЖАРЫҚТАНДЫРУ

АБАТТАНДЫРУ

ИНВЕСТИОР "ТАҢ LTD" ЖШС

ЖОБА ҚҰНЫ 350 МЛН. ТГ.

Өткен жылдан бастап елді мекендерді дамыту мақсатында **«Үлгілі елді мекен»** облыстық конкурсы өткізіліп келеді. Былтыр конкурс **2 мәрте (кектемгі және күзгі конкурс)** өткізілді. Конкурс жеңімпаздарына облыстық бюджеттен **1 млрд. теңге** бөлініп, елді мекендердің күнделікті ел тұрмысына қажетті деген **29 арнайы техника** табысталды. Биыл конкурс жалғасын тауып, жеңімпаз елді мекендерге құны **436 млн. теңгені** құрайтын **19 арнайы техника** берілді. **«Үлгілі елді мекен»** номинациясы бойынша тірек және серіктес елді мекендер санатына кірмейтін елді мекендердің жобаларын қаржыландыруға **15 млн. теңгеден** берілді. Бұл конкурс **келесі жылы да жалғасады**.

"ҮЛГІЛІ ЕЛДІ МЕКЕН" КОНКУРСЫ

2023 жыл 1,0 МЛРД. ТГ. жуық қаржы бөлінді 29 техника табысталды

2024 жыл 436,0 МЛН. ТГ. қаржы бөлінді 19 техника табысталды

ҚАЛЫҚТАСЫМАЛДАУШЫ "КАМАЗ" ЖИП ТАСЫМАЛДАУШЫ "КАМАЗ" ЖОЛЖАТАЛАУШЫ "КАМАЗ" ЖЕРЖАҒЫН ТРАКТОР

КҮЗГІ КОНКУРС "ҮЛГІЛІ АУДАН ОРТАЛЫҒЫ": 1 орын: Шиелі кенті; 2 орын: Еңбекші бөлімсі; 3 орын: Арал қаласы

КӨКТЕМП КОНКУРС "ҮЛГІЛІ АУДАН ОРТАЛЫҒЫ": 1 орын: Жаңақорған кенті; 2 орын: Шиелі кенті; 3 орын: Арал қаласы

ҚАЛЫҚТАСЫМАЛДАУШЫ "КАМАЗ" АСФАЛТОР КӨЛІ АСФАЛТОР КӨЛІ АСФАЛТОР КӨЛІ АСФАЛТОР КӨЛІ

"ҮЛГІЛІ АУЫЛ": 1 орын: Сырдария ауданы, Бесарық ауылы; 2 орын: Жалағаш ауданы, Дүр Оңғар ауылы; 3 орын: Жалағаш ауданы, Бесарық ауылы

"ҮЛГІЛІ АУЫЛ": 1 орын: Сырдария ауданы, Нұрлыбағ ауылы; 2 орын: Жалағаш ауданы, Таң ауылы; 3 орын: Арал ауданы, Аманжол ауылы

Номинациялар: "Үлгілі аудан орталығы" "Үлгілі тректі ауыл" "Үлгілі елді мекен"

"Үлгілі елді мекен" номинациясы бойынша 7 ауылға 15,0 МЛН. ТЕҢГЕДЕН ТАБЫСТАЛДЫ АБАТТАНДЫРУ ЖОБАЛАРЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ҮШІН

Кітапхана

Қайролланы «Алматы - Қызылжар» пойызына осында тұратын мектептес досы, белгілі журналист Әубәкір шығарып салды. Мұны қонақүйге жібермей, үш-төрт күн бойы өз үйінде күткен аңқылдақ Әубәкір енді, міне, жарым көңіл жолдасының қоржын-қоланын толықтап, сый-сияпатымен ұзатып тұр. Екі кісілік жұмсақ вагонға белет алып қойыпты. 2-Алматы вокзалына пойыз жүрерде ғана жеткен бұлар көрсетілген орынға жедел жайғасып жатты. Әубәкір шамадан мен тағы бір буыншақтарды полканын астына сүңгітті де:

- Мынау - біздің бәйбіше

с а л ы п

қоштасар сәттің ауыр болатыны-ай!..

Қарсыдағы екінші орын әлі бос тұр. Жолашуысы көп мынадай маусымда оған қалай белет сатылмағаны түсініксіз. Әлде, бұл орынның иесі қала сыртындағы Бірінші Алматы вокзалында күтіп тұр ма екен? Сірә, солай шығар...

Қазір Алматыда сарыала күз. Жол жағасында сары жапырақтар күзем жүніндей көпсіп жатыр. Екі вокзал аралығындағы Баум тоғайы сүрленген соғымды еске салады... Қайролла тағы да ұлы туралы

қызығын көріп, орталарында шалқып жүрмек еді. Сөйтіп жүргенде, биыл Алматы жақтан бір сыпсың сөз жетті. «Қайролланың ұлы мен келіні жойыт дініне кіріп, шоқынып кетіпті...» Мұны біреулер қыбы қанып, сұқ саусақтарымен беттерін осқылап, есіріп айтты. Енді біреулер бұларды

Қабдеш ЖҰМАДІЛОВ



аяғансып, жағасын ұстай шошынып, жасырын айтқан болды. Бірақ, солардың қай-қайсысы да көздеген нысанасына жетіп жатыр еді.

Әйткенмен, Қайролла бірден от алып, қамысқа түсе қойған жоқ, әліптің артын бағып, толғанып біраз жүрді. Еріккен жұрт не демейді, бәлкім, соның бәрі жәй өсек шығар. Әйтсе де, Алматыға барып, балаларын өз көзімен көріп қайтуға бел байлаған. Онын үстіне, биыл немересі Ермұрат беске толады. Соны ауылға әкеліп, сүндетке отырғызғандай бола ма, осы сапарда сол шаруаны да біржайлы ете келмек. Пойызға белет алған соң, Қанатқа телефон соқты. Жүретін күнін, мінетін пойызын, келетін уақытын хабарлаған. Баласының сөз ләмі баяғыдай, еш өзгеріс байқалмайды. Әкесінің келетінін естіп, қуанып жатыр.

- Келіңіз, көке! Күтеміз. Біз биыл үш бөлмелі жаңа үйге түскенбіз... Ермұрат та «атамды сағындым» деп жүр.

- О, қулыным сол! Айтпақшы, ол күшікті биыл сүндетке отырғызуымыз керек қой.

Тек, осы тұста ғана Қанат бұл күтпеген, естір құлаққа ерсілеу жауап қатты.

- Біз Ермұратты әлдеқашан сүндетке отырғызып қойғанбыз, көке! - Сүндетке? Қалайша? Мына біз ондай рәсімнен хабарсыз қалғанбыз ба, сонда?! - Таңданғаны сонша, Қайролланың аузына сөз түспей, тұтғып қалды.

- Онда тұрған не бар? Біздің дінде... яғни біз кірген Иуда дінінде ұл бала үш жасқа дейін сүндетпен өтуі керек екен...

- Не дейді? Әй, нені оттап тұрсың сен? «Біздің дінің» не айтып тұрған? Қайдағы Иуда?

- Айтып тұрмын ғой, біз өткен жылы келініңіз екеуіміз еврейлердің иуда дініне өтіп алғанбыз. Келген сон өзім

п и р я м и д я

ойлады. Қанат

мұны ұзатып салуға келмеді-ау!

Қашан пойыз жүріп кеткенше, бұл баласын келер деп дәмеленген. Ама! не, үміті ақталмады. Әлігі «Өз балаң өзекке тепсең де кетпейді» деген қайда? Әкесінің бір зекіп ұрысқанын көтере алмағаны ма? «Өкенің көңілі - балада, баланың көңілі - далада» деген сол. Ия айтпақшы, Қанат қазір мұсылман қауымында емес қой, діні, ділі жат көпірлер қабиласында. Кәпірдің діні қатты болады. Өкпесі мен кегін өлсе де кешпейді... Әлде кеше ашу үстінде қолы тым қаттырақ тиді ме екен байқұс балаға? Басы-көзіне таңба түсірмей, қамшымен жондата екі тартып жіберген.

Бес жасар немересі Ермұратқа деп ауылдан өзі өріп әкелген қамшы еді, қолына қалай түскені белгісіз... Батырға жан керек екен, ұлы жандәрмен келіншегінің артына барып тығылды. Меруерт келін де оңып тұрған жоқ, ол да - жойыт дінінде. Алапат ашу үстінде оны да қамшымен «ұшықтап» алғысы келіп бір оқталды да, сабыр сақтады.

Тоба, бұлай болар деп кім ойлаған. Мұндай сұмдықты өзгеден күтсе де, жалғыз ұлдан күтіп не еді? Бес қыздың ортасындағы, басынан құс ұшырмай өсірген жалғыз ұл! Сол балаларды оқытам, жеткізем деп, Қайролланың арқа еті арша, борбай еті борша болмады ма. Ойында ештеңе жоқ, осы көктемде зейнетке шығып, ұзақ жыл бойы қара тақтаның алдында ақ бормен алысқан мұғалімдік қызметін өткізіп беріп, аркасының босағаны таяуда ғана болатын. Ендігі арманы бәйбішесі екеуі әр жаққа ұзатылған қыздары мен Алматыдағы жалғыз ұлдан тараған немере-жұрағаттың

- Ал, олай деме... Жастардың теріс жолға түсуіне осы жүрген бәріміз кінәліміз. Не істейсің, заман солай. Демократия... - Ой, бүйткен еркіндігі бар болсын!.. Демократия дегенше, бетімен кеткен, тиюсыз дүние демейсің бе.

Осы кезде радиодан пойыздың жүргелі тұрғанын хабарлап, ұзатып салушылардың вагоннан тез түсуін сұрап жатқан.

- Ал, енді жолың болсын! - деді ұзын бойлы, иір қара Әубәкір төртпақ денелі, қызыл күрен жүзді Қайролланы қапсыра құшақтап. - Денсаулықты ойла, ойсоқты боп, өзінді-өзің мүжи бергенді қой!

- Өздерің де аман болыңдар! Көрсеткен достық пейіліңе, қалтқысыз көмегіңе рахмет! - деді Қайролла сәл босаңсып, -Әйткенмен, әлгі ақымаққа көз қырыңды сала жүрерсің.

- Оған алаңдама! Ол жігіт енді менің назарымда болады, - дегенді асығыс айтқан Әубәкір шығар есікке қарай тұра жөнелді. Қайролла терезеге беттеді.

Көп ұзамай пойыз да орнынан жылжи бастаған. Өне, терезе тұсына келген Әубәкір де қолын сермеген күйі біртіндеп қалып барады. Осы бір

БІР ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ ҚАРАЛЫ КҮН:

МИТТАЛДАН ҚҰТЫЛҒАНМЕН, АПАТТАН ҚҰТЫЛМАҒАН «ҚАРМЕТ»

Осыдан тура бір жыл бұрын, 2023 жылғы 28-і қазанында Қарағанды облысындағы Костенко шахтасында Қазақстан тарихындағы ең ірі апат болып, 46 кенші көз жұмды. Қазан айының 29-ы күні Жалпыұлттық аза тұту күні болып жарияланды. Осыдан кейін ғана ел билігі 30 жылға жуық бар еркелігін көтеріп, бар былғығына көз жұмып келген Лакшми Митталды «Қарметтен» қуып шықты.

Қарағанды металлургия комбинатын үнді миллиардері 1995 жылы сүтегінге сатып алып (200 млн.доллар), атауын «АрселорМитталТеміртау» деп өзгерткен. 2023 жылға дейін онда көптеген апат болып, 200-ге жуық кенші қаза тапты. Мұнша көп апатқа инвестордың зауыт жабдықтарын жанартпай, қауіпсіздік талаптарын белден басып, жұмысшылардың амандығын емес, қалтасының қамын ғана ойлағаны себеп болғаны анық.

2022 жылы компанияға тексеріс жүргізген Төтенше жағдайлар министрлігі өнеркәсіп қауіпсіздігін бұзуға қатысты 2 мың заңсыз әрекетті анықтап, оны тез арада түзеуді тапсырған. Бұған 2016 жылғы Инвестициялар және даму вице-министрі Альберт Раудың «компанияға қатысты салмақты проблемамен сұрақтар бар» деген сөзін қосынды. Жергілікті халықта «кеншілер күнде өліммен бетпе-бет келетінін» айтып жүрді. Соған қарамастан, пайдакүнем инвестормен селкос билік тырп етпей қойды. Ақыры 46 азаматтың өліміне әкелді.

МИТТАЛ «ҚАРМЕТТІ» ҚАЛАЙ ЫҢ-ШЫНСЫЗ ҚАЙТАРЫП БЕРДІ?

Миттал Қазақстаннан өз еркімен кете салған жоқ. Мемлекетке «Арселор Миттал Теміртау» активін 3,5 млрд. долларға сатып алыңдар деп талап қойды. Біршама келіссөзден кейін бұл сома 286 млн. долларға түсті.

2023 жылы 8-і желтоқсанда компанияның жана инвесторы — Allur Group директорлар кеңесінің төрағасы Андрей Лаврентьев болғаны жарияланды. Кәсіпорын қайтадан Qarmet деп аталды. Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаевтың айтуынша, комбинатты сатып алуға қажетті 286 млн. доллармен Arcelor Mittal алдындағы 700 млн. доллар қарызды жана инвестор төлейді. Министр «бұл саудаға мемлекеттік бюджеттен бір тиын да жұмсалмады» деген сөзді астын сызып тұрып көрсетуді ұмытқан жоқ.

Келісімшарт бойынша Лаврентьев комбинаттар мен шахталарды жанартуға 3 млрд. доллар бөліп, қызметкерлердің жалақысы мен әлеуметтік пакеті бойынша міндеттемені мойнына алады. Ол жабдықтарды жаңарту үшін 2024 жылы 1,3 млрд. жұмсайды деген ақпарат бар. Бірақ бұл ақағаға қатыс қандай құралдар сатып алынып, қауіпсіздік мақсатында қандай жұмыс жүргізіліп жатқаны жайлы ақпарат жоқ. Компания сайтында тек «кәсіпорын 45001 еңбек қауіпсіздігіне

сәйкес сертификаталған» деп жазылыпты.

Шарлапаевтың айтуынша, Arcelor Mittal — мен келісім «халықаралық құқық нормаларын толық сақтай отырып, құқықтық негізде жасалған». Ол инвестормен 11 раундтан тұратын келіссөз жүргізіп, соңында оны өз активін ың-шыңсыз өткізіп беруге көндіргенін айтты. Бірақ «ың-шыңсыз» дегеніне сену қиын. Активін ау баста 3,5 млрд. долларға бағалаған Миттал қалайша ол-оңай 286 миллионға келіскені белгісіз. Шарлапаев әлемдік Forbes тізімінде Top-100-ге кіретін миллиардерді қандай сиқырлы сөзбен «сындырғанын» айтқан жоқ. Сондай-ақ Шарлапаев Qarmet не үшін бұл салада еш тәжірибесі жоқ, автоқұрастырушыға бергенін түсіндіргі де жоқ.

АНДРЕЙ ЛАВРЕНТЬЕВ «ҚАРМЕТТІ» АЛҒАННАН БЕРІ НЕ ӨЗГЕРДІ?

Лаврентьев иелік етіп отырған Allur Group құрамына «СарыарқаАвтоПром» автоқұрастыру зауытымен «Агроماشхолдинг» ауылшаруашылығы техникасын құрастыратын зауыт кіреді. Яғни Қазақстан үкіметі — «отандық автоөндіріс» деген желеумен миллиардтап қаржы бөліп, қолдап-қорғап отырған монополисті авто құрастырушылардың бірі. Біз бұған дейін елдегі автоқұрастырушылар көбіне шетелден дайын машинаны әкеліп, өзімізде кішігірім жұмыстарын ғана істеп, отандық өнім деген атпен сататынын жазған едік. Осы үшін олар мемлекеттен мол субсидия және әкімшілік қолдау алып отыр. Мысалы, сарапшылар елге кірген әр автомобиль үшін төленетін утиль алымымен алғашқы тіркеу ақысы Лаврентьев сияқты автоқұрастырушыларға ғана пайдалы екенін айтып жүр.

Халық мемлекет қаржысына автомобиль құрастырып, оны өте қымбат бағада сататын «отандық автоөндірушілерге» наразы. Оған биыл жазда жарияланып, бір аптада 50 мыңнан аса қол жинаған утиль алымына қарсы петиция дәлел. Қажетті дауыс жиналғандықтан үкімет бұл петицияны қарап, соңында утиль алымынан бас тартуға негіз жоқ деген ескі уәжін қайталап, дауға нүкте қойған болды. Бірақ олар утиль алымы керек екеніне сендіріп, халықты райынан қайтара алатын дәлел көрсете алған жоқ.

Дәл осы петиция дауы кезінде әлдекімдер утиль алымын сақтап қалу жөнінде қарсы петиция жариялады. Сол кезде кей телеграм-арналар петицияға Qarmet қызметкерлерін күштеп қол қойғызып жатыр деген ақпарат таратты. Яғни Лаврентьевтің жаңа компаниясы ескі компаниясыныңн сойылын соғып, сөзін сөйлеген.

Сондай-ақ биыл мамырда «Qarmet» компаниясы Қарағандыдағы көлік утилизациялайтын зауытты 4,1 млрд. теңгеге сатып алды. Бұған дейін Элия Назарбаеваға тиесілі болған зауытқа талас жүріп, іс сотта қаралғанын білеміз. Сол зауыт ақыры

Лаврентьевтің қолына түсті. Яғни ол енді елде жаңа автомобиль құрастырумен ғана емес, енді автомобильді бұзумен де айналысады.

Ал «Қарметті» қалпына келтіру мақсатында Лаврентьев қандай жұмыс істегені анық емес. Кәсіпорынның түлеп-түрленгені жайлы қуанышты жаңалықтарды көзіміз шалған жоқ. Комбинат сайтында «Qarmet-ti қайтадан Қазақстанның мақтанышына айналдырайық!» деген ұраннан өзге нақты дерек кездеспеді.

Биыл тамызда Қасым-Жомарт Тоқаев «Qarmet» металлургиялық комбинатына барған. Сол кезде «Қармет» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Лаврентьевпен кәсіпорынның бас директоры Вадим Басин өте ауқымды жұмыс атқарып жатырмыз деп есеп берген. Олар биыл кәсіпорын ғимараты мен нысандар жөндеуден өтіп жатқанын, ал келер жылы басқару және гидравлика жүйесі жаңартылыны айтып, осы мақсатта 3,5 млрд. теңге бөлінгенін хабарлады.

Бірақ «Қарметте» ұзақ жыл күзетші болып, жұмыстан қуылған Кенжетай Байқожа БАҚ өкілдеріне комбинатта әлі ештеңе өзгермегенін айтты. Тіпті Тоқаевтың сапары барысында біршама көзбояушылық болды деп отыр.

- Кеніштігі жұмысшылармен байланысып отырамын, ондағы жағдайдан толық хабарым бар. Биыл металлургтар күніне орай үздік жұмысшыларға 7 автомобиль беруге уәде еткен. Бірақ марапат ашық өтпей, машина жоқ болды. Оларды кім алғаны белгісіз. Бұл жаңа бастықтың кезінде болып отыр. Яғни бұрынғы астыртын байланыс, жең ұшынан жалғасу әлі тоқтаған жоқ. Кәсіпорында бұрыннан келе жатқан келенсіз әдіс бар — жұмысшы жараланса, жылы жабуға тырысады. Ешкімге айтпа, арыздана, өз бетімен емдел деп, ақша береді. Соның салдарынан жұмысшылар арасында мүгедектер көп.

Сондай-ақ бұрын комбинатта ең төменгі жалақы 70 мың теңге болатын. Мұндай ақыны күзетшілер алады. Бірақ соның 10 мыңын алып қалып, қолға 60 мың беретін. Оны зейнетақы қорына алмайды, өйткені күзетшілердің көбі зейнеткерлер. Ал жаңа жылдан бері ең төменгі жалақы 85 мыңға өсті, соның 15 мыңын қиып тастап, қолға 70 мың беріп жүр.

Тоқаев комбинатқа келгенде бұрынғыдай көзбояу жасап, жақсы жерді көрсетті. Көшедегі коқыстарды қамшықпен орап қойып, жұмысшылар коқыс тастайтын жер таба алмай қалды. Сөз алғандардың бәрі тек жақсы жағын айтып, мақтаумен болды. Президентпен кездесуде бірде-бір қарапайым жұмысшыға сөз берілген жоқ.

Кәсіпорында жұмысшылардың киім-кешегі, еңбек жағдайы әлі бұрынғыдай. Жаңа жабдықтар алып, техниканы жанартып жатқанын да көрген жоқпыз, бәрі бұрынғы күйінде тұр. Жұмысшылар бұрынғыдай жұмыс істеп жатыр. Осындай кемшіліктерді айтқысы келетін азаматтар бар, бірақ наразылық білдірсек,

ертен жұмыстан шығып қаламыз ба деп қорқады. Сол үшін көбі үнісз отыр.

Лакшми Миттал тұсында комбинатта жұмысшы болдым, оны талай рет көрдім. Қазір іште жұмыс істеп жатқан жігіттерден жаңа башы келді, жағдайларын жақсарды ма деп сұрасаңыз, жақсарып кеткен ештеңе жоқ, бәрі бұрынғыдай деп жауап береді. Өйткені ештеңе жанармаған, ештеңе өспеген. Бірақ мүлде өзгеріс жоқ деп айта алмаймын, мәдени тұрғыда өзгерістер бар. Мысалы, Теміртауда ұрылар трамвай жолының жабдықтарын ұрлап, бүлдіріп кеткен. Жаңа инвестор сол темір жолды қайта қалпына келтіріп, жаңа жылға дейін іске қосамыз деп отыр. Сондай-ақ қаладан зауытқа дейінгі жолдың екі бетіне зауыттың тарихы жазылған үлкен тақталар қойылды. Суретте Дінмұхамед Қонаевтың суреті, жұмысшылардың алғашқы қызметі бейнеленген. Бұдан бөлек, демалыс орындарын салды, — дейді ардагер жұмысшы.

«Қарметтің» әлеуметтік желідегі парақшасында да тұрғындардың наразы пікірі көп кездеседі. Көпшілік «зауытты технологиялық тұрғыда жетілдіру керек», «Адамдарлы бәрі жақсы және керемет деп алдаудан шаршадыңыздар ма?» деген сияқты ойларын жазып жатыр.

МИТТАЛ КЕТСЕ ДЕ, КІСІ ӨЛІМІ ТОҚТАҒАН ЖОҚ

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі биыл қаңтардан тамызға дейін өндірістік жұмыс орындарында 109 жұмысшы қайтыс болып, 809 адам жараланғанын хабарлады. Бұл — өте қорқынышты көрсеткіш. Осы статистиканың өзі елде еңбек қауіпсіздігі толық қамтамасыз етілмей отырғанын білдіреді.

Ал біз сөз етіп отырған Qarmet-тің өзіnde бірнеше рет оқыс оқиға болып, қызметкерлер қаза тапты. Мысалы, биыл наурызда Саран шахтасында арнайы жабдықты жөндеу кезінде 1980 жылы туған жұмысшы жаракат алып, көз жұмды. Оқыс жағдайға жабдықты бекіткен болттың үзіліп кеткені себеп болғаны айтылды. Сондай-ақ 14-қазанда дәл осы Саран шахтасында апат болып, 3 адам зардап шекті. Яғни жаңа инвестор келсе де, «Қармет» жұмысшылары қауіптен құтылған жоқ.

Тіпті былтырғы 46 адамның өмірін жалмаған апат апат та ел есінен кете бастады. Сол кезде Митталды жағасынан алардай шулаған көпшілік тынышталып қалды. Билік те даудан құтылғанына қуанып, өндіріс орындарындағы қауіпсіздік талаптарын айтпайтын болып алды.

Биыл 20-ы тамызда Қарағандыда Костенко шахтасында қаза тапқан кеншілерге ескерткіш орнатылған. Ескерткіштің ашылуына келген Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпәев кеншілердің еңбек қауіпсіздігі мен жұмыс жағдайын жақсартуды мойнына алатынын айтты. Бірақ сол тамыздан бері де бірнеше оқыс оқиға тіркеліп, адам шығыны болды.

Мұхаммедшах КАЮП

Жалғасы бар

ҰЛТТАРДЫҢ ТІЛІ МЕН ДӘСТҮРІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Сырдария ауданында «Қазақстан – татулық пен достықтың Отаны» тақырыбында салтанатты іс-шара өтті. Іс-шараға аудан әкімі Берік Сәрменбаев қатысып, аудандағы өзге ұлт өкілдері әзірлеген салт-дәстүрлер мен

халқымыздың стратегиялық бағдарының түпкі мәнін осы үш ұғым дәл әрі нақты білдіретінін, бірлік пен ынтымақ басты құндылығымыз және мемлекеттік саясаттың бұлжымас бағдары болып қала беретінін атап өтті.

Бүгінде аймақта 11 этномәдени бірлестік бар. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Қазақстан халқы ассамблеясы» орталығы жұмыс істейді. Өңірдегі ұлтаралық татулық пен қоғамдық келісімді сақтау



ұлттық тағамдар қамтылған көрмемен танысты. Салтанатты іс-шарада аудан басшысы елдегі достық пейіл мен бауырмалдық – бейбіт күннің, татулықтың темірқазығындай ең басты құндылық екенін атап өтті.

Бүгінде елімізде ұлттардың тұтастығы мен халықтар достығының арқасында экономикамыз өркендеп, ілгері басып келеді. Дана халқымыз «Бірлігі мықты елдің рухы биік болады» деп айтқандай, облыс әкімі Нұрлыбек

бағытында мәдени іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылуда. Бірлік пен ынтымақтың мекеніне айналған ауданымыз жыл өткен сайын көркейіп, экономикасы өрге басып келеді. Барлық маңызды бағыттар бойынша жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізудеміз. Осы жетістіктердің бәріне аудан тұрғындарының татулық пен бірлікке бағытталған қажырлы еңбегі мен ақ ниеті бар. Бейбітшілік бесігін тербеткен ауданда бүгінде 11 түрлі ұлт өкілдері тату-тәтті тұрады. Этнос өкілдері әртүрлі салада жемісті еңбек етіп, аудан экономикасының өркендеуі мен әлеуметтік ахуалының жақсаруына атсалысып келеді. Ауданда ұлттардың тілі мен дәстүрін ұлықтауды мақсат еткен арнайы бірлестіктер жұмысы жолға қойылған, – деді



– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты сессиясында барша

Машбекұлы Нәлібаевтың бастамасымен бірлігі жарасқан Сыр өңірінде жасампаз жұмыстар атқарылуда. Аймақ басшысының қолдауымен өңіріміз қарқынды даму үстінде.

Берік Әбдіғалпарұлы. Аудан басшысы татулық пен достықтың сақталуына үлес қосып жүрген өзге ұлт өкілдерін «Алғыс хатпен» марапаттап, сый-құрмет көрсетті.

СӘРМЕНБАЕВ ЖАС КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАП ЖҮР

Сырдария ауданында 1 сауда базары, 4 мейрамхана, 6 кафе, 9 дәріхана, 6 жанар жағар май бекеттері, 2 сауда үйі мен 192-ден астам шағын сауда дүкендері тіркелген. Сондай-ақ халыққа сауда қызметін көрсететін нысандарының 47,3 пайызы аудан орталығы Тереңөзек кентінің, 52,7 пайызы ауылдық елді мекендердің үлесінде.

Электронды сауданы дамыту мақсатында жеке кәсіпкер «Жұлдыз», жетекшісі Алибаева Жұлдыз Асанбековна ерлерге, әйелдерге және балаларға арналған киімдер сататын интернет-дүкенін ашты.

Сырдария ауданы әкімі Берік Сәрменбаев «Еңбек бригадасы» мен жас кәсіпкерлер» фестиваліне қатысып, жас кәсіпкерлерді қолдау мақсатындағы көрмені тамашалады. Аудан әкімімен бірге облыстық мәслихат депутаты Жұмабек Ембергенов, аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Марат Еспенбетов жүріп, жас кәсіпкерлерге қолдау көрсетті.

Фестивальге 28 жас кәсіпкерлер мен еңбек бригадалары қатысып, өздері айналысып жатқан кәсіптерінің нәтижесін көрсетті. Олар «Үздік жас кәсіпкер» мен «Үздік еңбек бригадасы» номинацияларымен марапатталды.

ОБЛЫСТЫҚ СПАРТАКИАДА ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Сырдария ауданы әкімі Берік Сәрменбаев ауданда өткен «Алтын күз - 2024» ауыл спортшыларының облыстық спартакиадасына қатысып, жүлделі ІІІ орын алған сырдариялық спортшыларды қабылдады. Қабылдауға аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұса Келдібаев, еңбек ардагері Мектепхан Елеусінов және спортшылар қатысты.

Аудан басшысы Сырдария ауданында жалауын желбіреткен облыстық жарыстың жоғары деңгейде ұйымдастырылуына атсалысқан азаматтар мен үздік үштіктен көрінген спортшыларға шынайы ризашылығын жеткізді. – Ауданда спортты дамытуға үлкен қолдау жасалып, мәдени-спорттық шаралар көптеп ұйымдастырылуда. Сырдария ауданында жалауын желбіреткен ауыл спортшылары арасындағы дәстүрлі спартакиада – осының дәлелі. Дүбірлі жарысқа облыс бойын-



өткізіп, аудан мерейін үстем еттік. Байрақты бәсекеде сырдариялық спортшылар үздік үштіктен көрінді. Сіздерді жеткен жетістіктеріңізбен құттықтай отырып, аудан спортын дамытуға қосып жүрген үлестеріңіз үшін шынайы алғысымды білдіремін, – деді Берік Әбдіғалпарұлы.

Аудан әкімі спортшылар мен ауқымды іс-шараның жоғары деңгейде өткізуіне атсалысқан азаматтарды «Алғыс хатпен» марапаттап, сый-құрмет көрсетті.

Қабылдауда аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы М.Келдібаев, еңбек ардагері М.Елеусінов құттықтау лебіз-

ша 1600-ден аса спортшы қатысып, жарыстың 16 түрі бойынша өзара бақ сынады. Аталған іс-шараны жоғары деңгейде өткізуге барлығыңыз атсалыстыңыздар. Ауа райының қолайсыздығына

дерін жеткізді. Аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы Б.Есенов көрсетіліп жатқан қолдауларға алғыс білдіріп, кубокті аудан әкіміне табыс етті.

«РУХАНИЯТ» ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев Сыр елінде биылғы жылды «Руханият» жылы деп жариялаған болатын. Осыған байланысты облыс әкімінің қолдауымен барлық ауданда «Руханият» орталықтары салынып жатыр.

Облыс бойынша алғаш болып Сырдария ауданында «Руханият» орталығының іргетасы қаланды. Іс-шарада облыс әкімі Нұрлыбек

Машбекұлы Нәлібаев «Сыр елінің жауһар жәдігерлерін сақтап, келер ұрпаққа жеткізуге, жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеуге және тәуелсіздіктің қасиет-құндылығын ұғындыруға әрбіріміз жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Осы жұмыстарды жүйелі әрі тұрақты негізде, бір орталықтан жүргізу мақсатында барлық 7 ауданда музей, кітапхана, архив, неке қию залы, ардагерлер және аналар, жастар орталықтарын біріктіретін,

типтік үлгідегі «Руханият» орталықтарын салу туралы бастама көтеріп, шешім қабылдадық. Бұл – әртүрлі бағытта қызмет көрсететін мекемелерді бір орталыққа оңтайландыру арқылы бюджет қаражатын үнемдеуге, әкімшілік шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін тың жоба» деп атап өткен болатын.

Бүгінде аудандағы «Руханият» орталығының құрылысы қарқынды жүргізілуде. Аудан әкімі Берік Сәрменбаев құрылыс жұмыста-



рының барысымен танысып, мердігер мекеме өкілімен сөйлесті.

Аудан әкімі аймақ басшысын қолдауымен салынып жатқан рухани орталықтың маңызы зор екенін атап, құрылыс жұмыстары сапалы жүргізілу керектігіне тоқталды. Құрылыс нысанын аралап, мердігер мекеме өкіліне жұмыстарды уақытылы, мерзімінде аяқтауды ескертті.

Айта кетейік, жалпы құны 1,5 млрд. теңгені құрайтын «Руханият» орталығының құрылысын «Техоснастка-Ремсервис» ЖШС атқаруда. Мұнда 50 адам, 3 техника жұмылдырылған. Қазіргі таңда ішкі құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр.

«Досың ит болғанша, итің дос болғаны дұрыс». Бүгінде бұл мақал тура-сынан қолданылуда. Себебі төрт аяқ-тылардың маскасын киіп, одан қалды жануардың жүрісін, мысықтың пырылы мен иттің үргенін қайталайтындар көбейді. Тіпті мұны «квадробика» дейді-мыс. Ал трендке айналған жаңа үрдіс туралы не білеміз?

ҚАЗАҚҚА ТАҢСЫҚ СПОРТ

Квадробика жайлы білу үшін алдымен уикипедиялық деректерге сүйендік. Өйткені бұл мәдениет қазақ қоғамына таңсық һәм жат дүние. Іздей келе мұның атауы латынның quattuor (төрт) және ағылшынның aerobics (аэробика) деген сөзінен шыққанын білдік. Өзін квадробер санайтындар жануарларға еліктеп, төрт аяқтап іс-қимылдарын қайталайды. Мәліметтерде мұны антропоморфты жануарларға еліктейтін «фурри» субмәдениетімен байланыстырады.

Квадроберлердің де айтары бар. Себебі ол — аэробика элементтері араласқан бейресми спорт. Ең қызығы, 2008 жылы жапондық Кеничи Ито төрт аяғымен 100 метр қашықтықты 18,5 секундта жүгіріп өтіп, рекорд орнатқаны интернетте лезде таралған. Бұл оқиға әлемнің түкпір-түкпірінде қызығушылық тудырды. Ал кейін адамдар жануарлардың қимылына ұқсас акробатикалық іс-қимылдарды өздерінің күнделікті әдетіне айналдыра бастаған деседі. Сол секілді 2022 жылы америкалық Колин Маклюр қашықтықты одан да жылдам жүгіріп өтті. Міне, осылай жаңа «тренд» пайда болған.

АТА-АНА НЕГЕ АЛАҢДАУЛЫ?

Хош. Спорт санатына жатқызғанымен, оның қазіргі мақсаты мүлде басқа. Аталған субмәдениеттің жасөспірімдер арасында белең алғаны қоғам арасында алаңдаушылық туғызып отыр. Бұл жөнінде Мәжіліс депутаты Дәулет Мұқаев өлеуметтік желіде үндеу жасады.

— Құрметті ата-аналар, оқырман! Сіздерге айтатын маңызды ақпаратым бар. «Квадробер» деген терминді естіп жатқан шығарсыздар. Қарапайым тілмен айтқанда, адамдардың жануарға айналуы. Бұл көбіне жасөспірімдер арасында белең алып жатыр. Кәдімгі дерт, қоғам ауруы десе де болады. Қазірден бастап алдын алмасақ, ертеңгі күні ұрпақтың тамырына балта шауып алуымыз мүмкін. Қарапайым тілмен айтқанда, адамдар, жасөспірімдер жануарға еліктейді, төрт аяқтап жүреді, солар секілді өмір сүреді, секіреді, тіпті көшеде жүрсеңіз, сізді тырнап, тістеп алу қаупі де бар. Бұл Еуропада да, АҚШ-та да белең алып жатыр. Тіпті Ресейде де, Өзбекстанда да тіркелген жағдайлар бар. Сондықтан барынша сақ болайық! — деді депутат.

Расымен, еліктеуден тұрған мәселе «қас пен көздің арасында» тарап жатыр. Шектен шыққандар да кездеседі. Адам айтса сенгісіз, бірақ жануардың

тамағын жейтіндер де бар көрінеді. Квадробиканың физикалық тұрғыда да қаупі бар екенін ұмытпаған жөн. Аулада, саябақта төрт тағандап жүрген жасөспірім аяқ асты жарақаттануы мүмкін. Ал психологиялық жағдайға әсері бұдан да жоғары. Баланың өз-өзін қабылдамауы, мінезінің құбылуы, өзін қоршаған ортаға қажет емес сезінуі, жалғыздық және еліктеушілік жаңа трендке қызығатындардың сандарын көбейтеді. Психологтың айтуынша, квадробика — зиян әрі қауіпті.

— Адам өзін тұлға ретінде сезінуі қажет. Ал жануар кейпіне ауысуды қалап, қимылын қайталау ақылға қонбайды. Сөздің ашығын айтқанда бұл қоғам үшін зиян әрі қауіпті құбылыс. Егер балаңыздан квадробердің белгілерін байқасаңыз,

мұның барлығы баланың бақылаусыз өскенінен болады дейді.

— Сұмдық! Қай уақытта адам жануар секілді өмір сүрген? Ақылға қонымсыз жағдай. Расымен интернетте де бейнежазбалары көбейіп жатыр. Бала тәрбиелеп отырған ана ретінде перзенттерім үшін алаңдаймын. Баланың мұндай топқа еліктеуі бос уақыттың көптігі мен аз бақылаудың салдарынан деп ойлаймын. Егер жасөспірім уақытын тиімді пайдаланып, түрлі іс-шаралар мен қосымшаларға қатысса жануарлар секілді жүрмек түгілі, оны ойлауға да шамасы болмайды. Сонымен қатар ата-ананың тарапынан мықты бақылау болу қажет, — деді ол.



ҚОҒАМ ҚАУПІНЕ ЗАҢ ҚАЖЕТ

«Батыр болар ма екенсің, алып тұлғалы». Ер жеткенше осындай жылы сөздерді естіп өскен бесіктегі сәбиден кейін елін сыйлайтын басшы да, жыр жазатын ақын да, жер қорғайтын батыр да шығар сөзсіз. Ал қазіргі бала неге жануарға еліктейді? Бұл ретте толассыз сауал емес, тұшымды жауаптың жоқтығы қорқытады һәм қынжылтады. Баланың азамат болып жетіліп, тұлға ретінде қалыптасу жолында ата-ананың маңызы мен жауапкершілігі туралы жиі айтылады. Ал нақ осы тұста өке мен ананың салғырттығы қатты байқалады. Себебі «ұрпақ жалғарым» деп көкіректі көкке көтергенде жол бермейтіндер балаларының қандай контент көретінінен бейхабар. Үйдегі өке-шеше шектей алмаса, заң не дейді? Мәжіліс депутаты Дәулет Мұқаев квадроберлерге байланысты заң шығару керек екенін айтты.

— Президент үнемі айтатындай, тәртіп пен заң керек. Бізде квадроберлерге байланысты заң шығару керек те шығар. Себебі бұл аурудың, яғни дерттің алдын алмасақ, ертеңгі күні өзіміз опық жейміз. Дәл осы квадроберлердің әрекетін құзырлы органдар тексеріске алу керек. Ал ата-аналарға айтарым, балаларыңызбен міндетті түрде сөйлесіңіздер, дос болыңыздар, араласыңыздар, көңіл бөліңіздер. Себебі мұның артында үлкен бір күштер де тұруы мүмкін. Балаларыңыздың жануарға айналуы ақылға қонымсыз нәрсе, бірақ мұндай жағдай болып жатыр. Мен сіздерге ескерту ретінде айтып отырмын. Сондықтан да барлығымыз бірге әрекет етейік. Мұның артында үлкен индустрия тұр. Елдер сол жануарға еліктеп,

киімін киіп, құйрық жалғайды, тіпті тамағын да жейді екен. Бұл қоғам дерті, — деді ол.

Өзге мемлекеттердегі ахуалға тоқталсақ. Ресей ардагерлері ұйымы Ресейдің Бас прокуроры Игорь Красновқа әуестіктің таралуын тоқтату туралы, квадробингке байланысты тауарларды ірі маркетплейстерде және бөлшек сауда желілерінде сатудың заңдылығын тексеру, балаларды квадробингке тартуды қолдайтын ата-аналарға қатысты жауапкершілік шараларын енгізу туралы өтініш жолдады.

— Мұндай жұмыстар отбасылық құндылықтарды сақтауға, нығайтуға және қоғамды қауіпті ағымдардан қорғауға оң әсер ететініне сенімдіміз, — делінген Бүкілресейлік қозғалыстың үндеуінде.

«Ведомости» ұсынған деректерге сүйенсек, биыл онлайн дүкендерде квадроберлерге арналған заттарға сұраныс артқан. «Wildberries»-де «квадроберлер» деп көрсетілген 1218 және «квадробиктер» деп көрсетілген 14905 өнім бар.

Көрші Өзбекстанда квадроберлер ұсақ бұзақылық бабы бойынша 15 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алынуы мүмкін. Соңғы мәліметтерге сәйкес, Ташкентте ішкі істер министрлігінің қызметкерлері екі квадробердің ата-аналарымен профилактикалық әңгіме жүргізген. Оларға бала тәрбиелеудегі міндеттерін орындамағаны үшін 1,875 миллион сумға дейін айыппұл салынды. Ал Александр Лукашенконың айтуынша, Белорусияда квадроберлермен ешқандай қиындық жоқ.

Жастар арасында «Қиын уақыт мықты адамдарды, мықты адамдар жақсы уақыт өкеледі. Ал жақсы уақыт өлсіз адамдарды, өлсіз адамдар қиын уақыт өкеледі» деген пікір танымал. Бұл қағида бүгінгі мәселені айқындағандай. Расымен, қоғамда адамның қалайлы өмір сүруіне барлық жағдай жасалған. Ғылым, білім, әдебиет дамып, бар жақсы дүние біздің қолымызда тұрса да, Абайдың «жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық, аздырар адам баласын» деп келетін өлеңінің кебін киіп отырмыз. Бүгінгі деградацияның себебі осыдан ба, қалай ойлайсыз?

Мұхаммедшах МАРАТҰЛЫ

«Ақшамның асханасы»

АПЕЛЬСИН ҚОСЫЛҒАН АСҚАБАҚ ШЫРЫНЫ

Егер сіз нағыз күзгі көңіл-күй тудырғыңыз келсе, апельсин мен корицамен асқабақ шырынын дайындап көріңіз. Мұндай сусын жылынуға көмектеседі, ал бейтарап жемістің цитруспен үйлесімі тіпті ең таңдаулы дегустаторларға да ұнайды.

Қажетті заттар:

- асқабақ — 1 кг
- су — 700 мл
- апельсин — 2
- ұнтақталған корица — 1 шәй қасық



- қант — дәміне қарай

Дайындалуы:

- Асқабақты жуыңыз. Екіге бөліп, тұқым мен қабықты алып тастаңыз. Асқабақты қалыңдығы 5-7 см тілімдерге бөліңіз.
- Апельсиндерді жуыңыз. Қабығы мен тұқымын алып тастаңыз. Апельсиндерді кішкене бөліктерге бөліңіз.
- Асқабақты кастрюльге салыңыз, апельсин цедрасын қосыңыз. Су құйып, ортаңғы отқа қойыңыз. Асқабақты жұмсақ болғанға дейін 20-30 минут пісіріңіз.
- Асқабаққа дәміне қарай корица мен қант қосыңыз, қоспаны қайнатаңыз.
- Кастрюльді плитадан алып тастаңыз. Қоспаға апельсин жұмсағын қосып, пюре күйіне дейін блендермен араластырыңыз.
- Дайын шырынды салқындатып, банкаларға құйыңыз.

АЛМА ҚОСЫЛҒАН АСҚАБАҚ ШЫРЫНЫ

Осы рецепт бойынша асқабақ-алма шырынына мускат жаңғағы қосылады. Сіз басқа да дәмдеуіштерді

пайдалана аласыз. Мұндай шырынмен ұнтақталған қалампыр немесе даршын жақсы үйлеседі.

Қажетті заттар:

- асқабақ — 1 кг
- алма — 6
- Мускат жаңғағы — 10 гр
- тұз — шымшым
- бал — дәміне қарай

Дайындалуы:



- Алма мен асқабақты жуыңыз. Асқабақтың қабығы мен тұқымын алып тастап, төртбұрыштап кесіп алыңыз.
- Алманың өзегін алып тастап, бөліктерге бөліңіз.
- Асқабақты кастрюльге салып, су құйыңыз. Орташа отқа қойып, 10 минут пісіріңіз.
- Асқабаққа алма қосыңыз. Қоспаны тағы 15 минут пісіріңіз.
- Шырынды оттан алып, блендермен біркелкі болғанша араластырыңыз. Балды, тұзды және мускат жаңғағын қосыңыз.
- Шырынды банкаларға құйыңыз. Шырын дайын.

КӨКӨНІСІ БАР АСҚАБАҚ ШЫРЫНЫ

Асқабақ құрғақ жемістермен жақсы үйлеседі. Бұл рецепт бойынша көкөніске кураға қосылады, сондай-ақ қара өрік немесе кептірілген жидектерді пайдалануға болады.

Қажетті заттар:

- асқабақ — 1 кг
- су — 1 л
- кураға — 400 гр
- қант — 75 гр
- лимон шырыны — 20 мл

Дайындалуы:

- Асқабақты жуыңыз. Оны қабығынан тазартып, тілімдерге бөліп, тұқымын алып тастаңыз.
- Асқабақ пен курағанын шырын-сыққышқа салып, шырынын

шығарыңыз.

- Шырынды кастрюльге құйып, су, қант және лимон шырынын қосыңыз. Кастрюльді қатты отқа қойыып, 2-3 минут қайнатыңыз.
- Шырындызалалсыздандырылған банкаларға құйыңыз.



ОБЛЕПИХА ҚОСЫЛҒАН АСҚАБАҚ ШЫРЫНЫ

Бұл қышқыл фреш, сондықтан бұл жерде тәттілендіргіш қажет. Табиғи тәтті үшін жарты банан алуға болады. Дәмі тәтті болмас үшін сусын дәмін татуды ұмытпаңыз.

Қажетті заттар:

- асқабақ — 1 кг
- су — 1 л
- облепиха — 400 гр
- қант — дәміне қарай

Дайындалуы:

- Асқабақты жуыңыз. Қабығынан тазартып, тұқымды алып тастаңыз. Кішкентай тілімдерге бөліңіз.
- Облепиханы жуыңыз.
- Облепиха мен асқабақты шырын сыққыштың көмегімен сығыңыз.
- Кастрюльге су құйып, асқабақ-облепиха шырынын қосыңыз. Дәміне қарай қант қосыңыз, кастрюльді қатты отқа қойыңыз. Қоспаны 2-3 минут бойы қайнатып, оттан алып тастаңыз.
- Шырынды дайындалған банкаларға құйыңыз.

ҚЫЗАНАҚ ҚОСЫЛҒАН



АСҚАБАҚ ШЫРЫНЫ

Бұл қызанақ шырынын ұнататындарға ұнайды. Оған сөбіз қосуға болады. Дайындау кезінде тұздауды және бұрышты ұмытпаңыз. Қант қосудың қажеті жоқ.

Қажетті заттар:

- асқабақ — 1 кг
- қызанақ — 1 кг
- петрушка — 20 гр
- базилик — 10 гр
- тұз — дәміне қарай
- бұрыш — дәміне қарай

Дайындалуы:

- Асқабақты жуып, тазалаңыз. Тілімдерге бөліңіз.
- Қызанақты жуып, қабығын алу үшін оны қайнатыңыз.
- Шырынсыққышқа асқабақ пен



қызанақты салып, шырынын шығарыңыз.

- Шырынды кастрюльге құйып, қатты отқа қойыңыз. Петрушка мен базиликтің жапырақтарын қосып, қоспаны орташа отта қайнатыңыз.
- Шырынды банкаларға құйыңыз.

АСҚАБАҚ БОТҚАСЫ

Қажетті заттар:

- асқабақ 250 гр.
- сүт 1 стакан
- тары 500 мл
- тұз, қант, дәміне қарай даршын
- жаңғақты үстінен әшекей ретінде қосуға болады

Дайындалуы:

- Асқабақты қабығынан тазартып, 1-2 см-ден аспайтындай етіп төртбұрыштап кесеміз
- Кастрюльге салып, асқабақты сумен сәл жабу үшін аздап су құямыз. Сосын орташа отта бес минут қайнатамыз.
- Содан кейін тарыны қосып, пісіруді жалғастырамыз.
- Асқабақ жұмсарып піскеннен кейін бір стакан сүтті құйып, отты азайтып,

пісіруді жалғастырамыз.

Қалауыңызша сары май, қант, дар-шынды дәміне қарай қосуға болады!

АСҚАБАҚТЫ ПЕШТЕ ҚАЛАЙ ПІСІРУГЕ БОЛАДЫ?

Пісірілген асқабақты салат түріндегі көкөніспен, түрлі тұздық немесе жұмсақ ірімшікпен - таңдаулы тағам ретінде беруге болады. Біз



сізге пеште асқабақ дайындаудың қарапайым рецептін ұсынамыз. Өте дәмді болады!

Қажетті заттар:

- асқабақ — 0,5 кг
- зәйтүн майы — 2 ас қасық
- тұз — 2 шымшым
- ұнтақталған қара бұрыш — 1 шымшым
- кептірілген орегано — 1 шым-шым

Дайындалуы:

- Асқабақты жуып, қағаз сүлгімен кептіріңіз. Қабығы мен тұқымынан тазартыңыз. Қалыңдығы 1,5-2 см ұзын тілімдерге бөліңіз.
- Табаға пісіруге арналған қағазды жайып, асқабақтың тілімдерін салыңыз.
- Үстіне тұз, бұрыш және кептірілген орегано себіңіз. Зәйтүн майын шашыңыз. Көп май құюдың қажеті жоқ.
- Пешті алдын ала 200 ° С қыздырыңыз. Асқабақты жұмсақ және алтын түстес болғанға дейін 20-30 минут бойы пісіріңіз.

